



**Онаева Г.Т.**

**ТӘРБИЕЛІК  
МӘЖБҮРЛЕУ  
ШАРАЛАРЫН  
ҚОЛДАНУДАҒЫ  
КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ  
ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ  
МАҢЫЗЫ**

*В статье рассматривается значение криминологических ситуаций в ходе применения принудительно-воспитательных мер воздействия.*

*In article the optimum model of application of forced measures of educational influence with the account characteristics of a concrete crime is considered.*

Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мен оның бақылауындағы кемшіліктердің туындауының басты себебі әлеуметтік және криминологиялық негіздемелерге әрбір нақты жағдайға байланысты жеке сараптама жасай алмауында болып отыр.

Сондықтан тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолданудың оңтайлы үлгісі кәметке толмаған жастар арасындағы қылмыстың криминологиялық сипатын ескере отырып құрылуы тиіс. Соның ішінде жасөспірім жасаған нақты қылмыстың себебін ескерген жөн.

Демек, тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының нақты түрлері криминологиялық тұрғыда негізделген болуы шарт.

Нақты қылмыстық әрекет қылмыстың туындау жағдайы мен тұлғаның қоғамдық қарсы қасиеттерінің өзара әрекеттерінің нәтижесі болып табылады [1.55].

Типтік криминологиялық жағдайларды және жеке қылмыстық мінез-құлық механизмін анықтаған соң, тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолданудың жаңа үлгісін жасауға болады. Яғни біз, нақты жағдайда тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының әсері қайда және неге бағытталады? деген сұраққа жауап бере аламыз.

Нақты қылмыс жасау себебін анықтаудың В.Н.Кудрявцев ұсынған схемалық түсінігін жүйеге ала отырып, төмендегідей қорытынды шығаруға болады.

Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының үлгісін қолдануға себепкер болатын байланыстарға әсер ету мүмкіндігін қарастыру қажет, мысалы: жасөспірімнің ішкі әлемі; тұлға қалыптасатын орта; қылмыс болған жағдай.

Сондай ақ, әсер ету шаралары төмендегі жағдайларды ескере отырып, жүзеге асуы керек:

а) жасөспірімді мінездейтін, атап айтсақ бетпішін қасиеттері және қылмыс жасалу ортасының өзара әрекеті; ә) қылмысты сипаттау;

Аталған бірінші жағдай бойынша басты назар аударатын мынадай типтік жағдайлар да бар. Мысалы, тұлғаның жағымды мінездемесі және бейтарап қылмыс жасау ортасы, бұнда әсер педагогикалық шараны қолданумен ғана шектеле алады (аңдаусызда зиян келтіру, мүліктің бүлінуі); тұлғаның жағымды мінездемесі және жағымсыз қылмыс жасау жағдайы, бұл жерде ықпал жасөспірімнің енді осындай криминалдық жағдайға болашақта қайтып тап болмауын қадағалауға бағытталуы қажет. Қылмыстық факторларды жою, соның ішін-



де қауіпсіздік шаралары қолданылуы мүмкін (психотравмалық жағдайға байланысты денсаулыққа қасақана зиян тигізу – ата-анасының жүйелі түрде ішкілікке салынуы, жасөспірімді ұруы); тұлғаның жағымсыз мінездемесі және нейтральды қылмыс жасау жағдайының ықпалы, тұлғаның теріс дамуына ықпал ететін факторларға назар аудару. Яғни жасөспірімді қолайсыз ортадан аластау, немесе тәрбиелік түзеу бағытындағы ықпал шарасын қолдану (мысалы, бұзақылық жағдайында); тұлғаның жағымсыз мінездемесі және теріс қылмыс жасау жағдайы – комплекстік алдын-алу тәрбиелік емдеу әсері.

Сондай ақ, асоциалдық қасиеттердің қалыптасуына әсер ететін шарттарды ескерген жөн. Жасөспірімдер арасындағы кең тараған тұлғалық деформациялардың түрлі нұсқаларын кәмететке толмағандардың криминологиялық типологиясынан көре аламыз. Ұсақ топ деңгейіндегі қылмыстың туындауының басты себебі криминологиялық орта болса, онда әрине жасөспірімді бұндай ортадан әкету керек. Тұлғаның қалыптасқан ортасы (отбасы немесе жасөспірімді қоршаған орта) оң сипатта болып, соған қарамастан жасөспірімнің осы оң әсерді қабылдамауы орын алса, тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын жабық ортада қолдануға жол беріледі [2.209-210].

Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының жаңа үлгісін жасай отырып, аталған шараның бұрыннан қолданылып келе жатқан негізін басшылыққа ала отырып және оларды жүзеге асыру мақсатын алдыңғы орынға қою керек. Яғни жасөспірімнің амандығына максималды түрде көмектесу және оның болашақта дұрыс дамуына көмектесу.

Криминологиялық жағдай немесе қылмыс жасаудың тікелей және жанама белгілеріне (элементтеріне) қарай нақты оқиғада тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының үлгісін таңдау барысында төмендегі топтарға жіктеледі:

а) жасалу тәсіліне байланысты (жеке және топтық). Топтық озбырлық жағдайында әсер ету осы топтық озбырлықтың туындауына себеп болған жағдайларды жоюға бағытталуы керек. Бұл жағдайда жасөспірімді сол криминалдық ортадан (жасөспірімнің оң мінездемесі болған жағдайда) алу немесе жауып тастау, ал тұлғаның теріс мінездемесі болған жағдайда түзету- тәрбиелеу әсерін немесе қамап тастауды қолдану;

ә) озбырлық объектісіне байланысты (жасөспірім жасаған қылмыстың негізгі салмағын назарға алу керек).

Жасөспірімдер қылмысы қылмыстық заңмен қорғалатын шектеулі орта объектілеріне бағытталады. Жасөспірімдердің қылмыстық әрекеті, негізінен, қоғамдық қауіпсіздік және тұлға немесе жеке меншік сияқты объектілерге бағытталады.

Алдымен, жеке мүлікке қол сұғу әрекетін алайық. Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолданудың тиімді үлгісін қолдану үшін қылмысқа сараптама жасау барысында аталған қылмыстың криминологиялық, криминалистикалық, қылмыстық-құқықтық сипаты, сондай ақ олардың жасөспірімдер арасында қолданылу спецификасы назарға алынуы тиіс. Мысалы, ұрлық және олардың түрлері, пәтерден немесе басқа ғимараттан, көліктен, көліктің ішіне кіріп немесе кірмей ұрлау, күндіз немесе кешке. Барлық ұрлыққа ортақ сипат уақыт, орын, тәсіл болып табылады. Демек, тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары үлгісін қолданғанда мүмкіндігін шектеу, белгілі бір орындарда жасөспірімнің жүруін шектеу (мысалы, көлікте – қалта қағарлық), тәуліктің белгілі бір уақытында (тәуліктің бірінші жартысында – пәтер тонау) немесе керісінше, жасөспірімнің дәл осы уақытта бос болмауын қамтамасыз ету, оның уақыт өткізуін қадағалау. Басқаша айтқанда, жасөспірімнің бос уақыты мәселесі оңтайлы шешіліп, қараусыз қалу себебі жойылуы керек. Бұдан басқа жасөспірімдер қылмысының уақыт сипатына назар аударатын болсақ, олардың санының әсіресе көктем, жаз айларында күрт өсетіндігін көреміз [3].

Аталған криминологиялық жағдайлар аталған қылмыстың топтық тәсілден бөлек қарастырылатыны сөзсіз. Сондықтан жасөспірімді қылмыстық микроортадан алшақтау немесе оның жасөспірімге теріс әсерін бейтараптандыруға айтарлықтай мән беріледі. Бұл жерде төмендегі жағдайларды ескерген жөн. Жасөспірімді жағымсыз ортадан алшақтау тек оны оң бағыттағы микротопқа ауыстырғанда ғана тиімді болмақ. Топты теріс бағыттан қайта бағдарлау мақсатында топқа уақыт өткізудің он түрін, он қызметтерін (спорт секцияларын, гуманитарлық және техникалық секцияларды, туризм т.б.) қосуға ықпал жасауға болады. Әрине, бұл шешімді қабылдамас бұрын



топты мұқият зерттеген жөн. Оның құрамын анықтау, лидерін, типологизациясын (жіктелуін), тұрақтылығын және бағытын анықтау.т.б.

Адам өмірі мен денсаулыққа зиян тигізетін қылмыс жасөспірімдер арасындағы қылмыстың жалпы салмағының өте аз бөлігін қамтиды. Сондықтан да осы аз бөліктің өзі ауыр және аса ауыр қылмыстар категориясын құрайды. Сол себепті тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігі олардың жасалуына байланысты алынып тасталады. Денсаулыққа айтарлықтай зиян тимеген жағдайда немесе қасақана жасалмаған жағдайда, болашақта бұндай әрекетті болдырмау үшін, ұялту және ескерту түріндегі тәрбиелік шаралар түрі қолданылуы мүмкін.

Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыс. Бұл топтағы қылмыстардың негізгі құрамын бұзақылық құрайды. Бұл бұзақылық әдісіне тән. Сол себепті тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын тұлға мінездемесі мен қылмыс жасауға итермелейтін жағдай үндестігі болғанда нақты қылмыс себептеріне сәйкес бағытталуы тиіс. Жалпы алғанда жеке тұлғаға қарсы қылмыс және бұзақылық детерминанттары болып жасөспірім шақта, балалық шақта агрессивті зорлық-зомбылық көрген, экстремистік және бұзақылық микроортасында қылмыстық жұғуға ұшырағандар енеді. Соның нәтижесінде агрессивті-зорлық бағытындағы стереотип қалыптасады.

Тұрғындардың денсаулығына және қоғамдық адамгершілікке зиян тигізетін қылмыс. Бұл топтағы қылмыстың басты бөлігін нашақорлық айналымы құрайды. Осы топтағы қылмыстың негізгі криминалистикалық сипаттары – уақыт, орын, тұтыну, нашақорлық құралдарды дайындау. Бұлар, көп жағдайда, жасалу детерминантының мүмкін болатын нейтрализация механизмін анықтайды. Ол белгілі бір микротоптан алшақтау немесе тәрбиелік ықпал тигізу, болмаса осы екеуін бірге қолдану. Айтылған топтағы қылмысты жасау барысында жасөспірімге мәжбүрлеп тәрбиелеу шараларын қолдану барысында медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары мен жасөспірімге нашақорлықтан айығу үшін емдеу курсынан өтудің арақатынасы мәселесі туындайды [4].

Сондықтан криминология-педагогикалық жағдайға байланысты тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының негізгі бағыттары тәрбиелік (педагогикалық), профилактикалық немесе әлеуметтік-реабилитациялық. Сонымен қатар тұлға мінездемесіне байланысты, оның жасаған әрекетіне, әсер ету ұзақтығына, интенсивтігіне байланысты жеке ықпал жасалуы тиіс. Жасөспірімдер жасаған қылмыстық сипаттағы қылмыстарына, криминология-педагогикалық жағдайлардың типтеріне тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолданудың заңдық құрылысын жүзеге асыра отырып, іс жүзіндегі қылмыстық заң жасөспірімдер арасындағы қылмыстық шындықты толығымен көрсете алмайды. Жасөспірімдерді қылмыстық жауапкершілікке тартатын тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану түріндегі балама бар деген қорытынды шығара алмаймыз. Бұл осы саладағы ақтандақтар деуге болады. Бұл жағдайдан шығудың жолдары екеу: қылмыс құрамының санкциясын өзгерту, категоризацияларын өзгерту мақсатында немесе принципті өзгерту, тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолданудың шарттарының бірі – жасөспірім жасаған қылмысқа тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігін бекіту және аса ауыр қылмыстың топтық қылмыс жағдайындағы оның қатысу дәрежесі мен сипатын ескеру. Мүліктік қылмыстың басты белгісі болып келтірілген шығынның мөлшері саналуы мүмкін. Бұл қылмыстық заңдағы нормаларға сай келеді, жеңіл жазаны қолдану барысында жұмсартатын жағдайлар заң аясына сыйымды [5.180-182].

Яғни аса ауыр қылмыс жағдайында қателікті түзеу барысында тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану, біздің көзқарасымыз бойынша, жоғарыда айтылғандай «шартты» тағайындаулар қатарына жатады.

Көрсетілген ақтандақты жою үшін шетелдегі тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын заңды қолданудың жасөспірім құқық бұзушыларға қолданылу аясының мемлекетаралық стандарттарына жүгінген жөн болар.

Біздің ойымызша, тәрбиелік ықпал жасөспірімді тегін, қоғамы – пайдалы күштеу еңбегіне тарту арқылы тәрбиелік ықпал аясын кеңейтуге болады. Мысалы, тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын жұрт алдында орындату арқылы бұл шараларды жүзеге асыру барысында, жасөспірім оны субъективті түрде ұят жағдай деп қабылдайтындықтан, зиянды жағын да естен шығармағанымыз жөн. Сондықтан да, кез келген тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолданбас бұрын, құқық бұзушы жасөспірімнің тұлғасын мұқият зерттеген жөн.



Тұлғаның қалыптасуына әсер ететін алғашқы әлеуметтік институттар дағдарысын ескере отырып, арнайы профилактикалық (қадағалау) және тәрбиелік ықпалды (асырау) сенімді тұлғаға артуға болады (ол адамның жеке келісімі арқылы). Олар жасөспірімнің туысқандары (ата- анасынан бөлек), көршілері, еңбек ұжымының мүшелері және т.б. Кепілші өзіне тапсырылған міндетті орындаудың кепілі ретінде ақшалай немесе басқа формада «кепілдік» ұсына алады.

Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының шеңбері аясын жасөспірім міндеттеріне топтық психотерапияны қосу, жасөспірімді жұмысқа тұрғызуға әрекет жасау, жұмыс орнын ауыстыру арқылы кеңейтуге болады [6.46].

Л.М.Проузенков жасөспірімнің ықпалға тез икемделетінін, үлкендерге карағанда десоциализация деңгейі төмен екендігін, тұлға қалыптасуының әлі аяқталмағандығын ескере отырып, жасөспірімдерге жасалатын жазалау шараларының төмендегі үлгілерін ұсынады. Олар: арнайы тәрбиелік – оқу орнына жіберу және үйде қамап ұстау. Біздің ойымызша бұл даулы мәселе. Қылмыстық шаралар табиғаты қылмыстық жазалау табиғатына тән болып табылады. Бұдан басқа бұл шараларды жазалау түрінде қолдану бұдан туындайтын жасөспірімдер стигматизациясы деңгейінің өсуіне әкеліп соғады.

Кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылатын шара тұтастай алғанда түзету мен қайта тәрбиелеуге икемделуі тиіс. Бұл жердегі ең маңыздысы, қылмыстық әрекеттің себебін түсіндіру мен анықтау және кінәлінің жас ерекшелігін есепке алуға ықпал ететін тиімді тәсілді іздеу керек. Қоғамға тура осындай тәсіл тиімді, өйткені оған құқық бұзатын кәсігі қылмыскерден гөрі, ақыл – есі толық, салауатты азамат қажет. Себебі, бұл жасөспірімдер әділетінің негізгі идеясы.

#### Әдебиеттер:

1. Семернева Н.К. Освобождение от уголовной ответственности несовершеннолетних с применением мер воспитательного характера. Дисс. к.ю.н. – Свердловск, 1969.
2. Филимонов В.Д. Криминологические основы уголовного права. –Томск, 1981.
3. Карнозова Л.М. ювенальная юстиция: содержание понятия и перспективы в России // Вопросы ювенальной юстиции, 2007. №3.
4. Уткин В.А. Курс лекций по уголовно-исполнительному праву. Особенная часть. –Томск, 1995.
5. Кудрявцев В.П. Правовое поведение: норма и патология. –М., 1982.
6. Дуйсекеев Г. Особенности уголовной ответственности несовершеннолетних // Фемида. 2004. -№6.